80

жыл

## Құрметті Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ұжымы!

«Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, еліне қорғаныш, халқының мақтанышы болатын азаматтарды тәрбиелеу жолында Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің қосып отырған үлесі зор. Сексен жылдық белесті артқа тастаған оқу орнын бітіріп шыққан талай адам қоғамдағы саламатты өмір салтын насихаттау жолында абыройлы еңбек етуде. Университет ұжымының мақсаты – тәні мен жаны сау білімді де білікті жастар тәрбиелеу болса, оны аталмыш оқу орнының тынысымен тыныстаған талай түлек дәлелдеген, әлі де дәлелдеуде. Қазақ елінің мақтанышына айналған Александр Винокуров, Ринат Мухин, Айдар Казовтың осы университеттің түлектері екендігін еске алсақ, оқу орнының мәртебесі асқақтай түсері сөзсіз. Бұл – білім шаңырағында қажымай қызмет атқарып жүрген үлкен ұжымның нәтижелі жұмысы. Білім шаңырағы үшін сексен жылдық тарих аз өлшем болар, бірақ, оның қоғамға сіңірген еңбегіне қарап, үлкен жұмыстың атқарылғандығын көреміз.

Университет ұжымын осынау айтулы мерекемен құттықтаймын! Білімде де, өмірде де, спортта да Эверестің биік шыңындай асуларды бағындыра беріңіздер! Аталмыш оқу орнының адами капиталды дамыту жолында қалыптастырған үлгілі бағытын жоғары бағалай отырып, алдағы уақытта да ортамызды жаны мен тәні сұлу жастарға толықтыра түсетіндеріңізге сенім білдіремін. Үлкен мақсаттар жетелеп, биік белестерден көріне беріңіздер!

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрі: Арыстанбек Мухамедиұлы